

"Орфандық (сирек кездесетін) аурулардың тізбесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2015 жылғы 22 мамырдағы № 370 бұйрығына өзгеріс пен толықтырулар енгізу туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2018 жылғы 27 ақпандағы № 79 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2018 жылғы 19 наурызда № 16627 болып тіркелді. Күші жойылды - Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2020 жылғы 20 қазандағы № ҚР ДСМ - 142/2020 бұйрығымен.

Ескерту. Күші жойылды – ҚР Денсаулық сақтау министрінің 20.10.2020 № ҚР ДСМ - 142/2020 (алғашқы ресми жариялаған күнінен кейін күнтізбелік он күн откен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

"Халық денсаулығы және денсаулық сақтау жүйесі туралы" Қазақстан Республикасының 2009 жылғы 18 қыркүйектегі Кодексінің 7-бабы 1-тармағының 110) тармақшасына сәйкес БҰЙЫРАМЫН:

1. "Орфандық (сирек кездесетін) аурулардың тізбесін бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау және әлеуметтік даму министрінің 2015 жылғы 22 мамырдағы № 370 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 11511 болып тіркелген, 2015 жылғы 15 шілдеде "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде жарияланған) мынадай өзгеріс пен толықтырулар енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Орфандық (сирек кездесетін) аурулардың тізбесінде:

реттік нөмір 39-жол мынадай редакцияда жазылсын:

"

39	Балалардағы шашыранқы беріш	Балалардағы шашыранқы беріш	Демиелинизацияланатын орталық нерв жүйесінің аурулары	G 35
----	-----------------------------	-----------------------------	---	------

"

мынадай мазмұндағы реттік нөмірлері 51-56- жолдармен толықтырылсын:

"

51	VIII фактордың тұқым қуалайтын тапшылығы IX фактордың тұқым қуалайтын тапшылығы	Г е м о ф и л и я К р и с т м а с Гемофилия В	A ауруы	Қанның, қан өндіру ағзаларының аурулары және иммундық механизмді қамтитын жеке бұзылулар	D 66 D 67
52	Виллебранд ауруы	Ұюшылықтың басқа бұзылулары		Қанның, қан өндіру ағзаларының аурулары және иммундық механизмді қамтитын жеке бұзылулар	D 68.

53	Ұюдың басқа факторларының тұқым қуалайтын тапшылығы	Тұа біткен афибриногенемия Фактор тапшылығы VII [тұракты] Фактор тапшылығы II [протромбиннің] Фактор тапшылығы X [Стюарттың-Прауэрдің]	Қаннның, қан өндіру ағзаларының аурулары және иммундық механизмді қамтитын жеке бұзылулар	D 68.2
54	Гипофиз гиперфункцияларының басқа да жағдайлары	Орталық пайда болудың уақытынан бұрын жыныстық жетілуі	Басқа да эндокриндік бездердің бұзылуы	E 22.8
55	Гипопитуитаризм	Гипогонадотроптық гипогонадизм. Өсу гормонының идиопатиялық жеткіліксіздігі.	Басқа эндокриндік бездердің бұзылулары	E 23.0
56	Классикалық фенилкетонурія	Хош іісті амин қышқылы метаболизмінің бұзылуына байланысты ферментопатия тобының тұқым қуалайтын ауруы	Зат алмасуының бұзылулары	E 70.0

"

2. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Медициналық көмекті үйымдастыру департаменті заңнамада белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрықты мемлекеттік тіркеген күннен бастап күнтізбелік он күннің ішінде оның көшірмелерін қағаз және электрондық түрде қазақ және орыс тілдерінде Қазақстан Республикасының нормативтік құқықтық актілерінің Эталондық бақылау банкіне ресми жариялау және қосу үшін "Республикалық құқықтық ақпарат орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорнына жіберуді;

3) осы бұйрықты мемлекеттік тіркегеннен кейін оның көшірмесін күнтізбелік он күннің ішінде мерзімдік баспасөз басылымдарында ресми жариялауды;

4) осы бұйрықты ресми мемлекеттік тіркегеннен кейін оны Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің интернет-ресурсында орналастыруды;

5) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркегеннен кейін он жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрлігінің Заң қызметі департаментіне осы тармақтың 1), 2), 3) және 4) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді ұсынуды қамтамасыз етсін.

3. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау вице-министрі Л. М. Ақтаеваға жүктелсін.

4. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күннен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Қазақстан Республикасының
Денсаулық сақтау министрі

E. Біртанов

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заннама және
құқықтық ақпарат институты» ШІЖКРМК